

Мемлекеттік резервтен азық-түлік тауарларын босату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 сәуірдегі N 419

Сақтау мерзімі өтуімен жаңартуды және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің кәсіпорындарынан шығаруды талап ететін азық-түлік тауарларын жауапты сақтау пункттерінде брондау қажеттілігіне байланысты Республика Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті:

министрліктерге, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға олардың өтінімдері бойынша, қосымшаға сәйкес бағамен 1996 жылы тоқсандар бойынша біркелкі түрде жалпы сомасы 1112703 мың теңгеге, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне - 398790 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне - 12159 мың теңгеге, Республика ұланына - 31720 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне - 375942 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне - 64698 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне 4910 мың теңгеге, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіне - 5008 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының шекара әскері әскери институтына - 1360 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитетіне - 21600 мың теңгеге, Қазақстан Республикасының Ішкі әскерлер бас басқармасына - 196518 мың теңгеге азық-түлік тауарларын босатсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі министрліктерге,

мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарға мемлекеттік резервтен босатылған тауарлардың құнын осы мемлекеттік органдарды қаржыландыру кезінде, оны бюджеттің кірістер және шығыстар бөлігінде көрсетіп есепке алсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 10 сәуірдегі
N 419 қаулысына
қосымша

Тәртіп-күштік министрліктерге, мемлекеттік комитеттер
мен ведомстволарға мемлекеттік резервтен босатылатын
азық-түлік тауарларының орташа босату бағасы

Тауар атауы	Өлшем бірлігі	Бірлігіне орташа босату бағасы, теңге
Ет	тонна	140000
Ет консервілері (525 г)	м.ж.б.	120000
Ет консервілері (338 г)	-"	77000
Балық консервілері (250 г)	-"	55000
Қант	тонна	60000
Өсімдік майы	-"	120000
Кір жуатын сабын	-"	80000
Тұз	-"	8000
Үнді шайы	-"	300000
N 36 шай	-"	160000
Астатық май	-"	130000